

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті
Психология негіздері және коммуникативтік дағдылар кафедрасы

Қиял. Сөйлеу.

Орындаған: Манап Қ.
Мырзатаева Н.
1-004 топ
Тексерген: Жакишева Г.С.

Қарағанды 2017

Жоспар

- Қиял
- Қиялдың түрлері
- Сөйлеу
- Сөйлеудің түрлері
- Пайдаланылған әдебиеттер

Қиял



Қиял – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан жаңартып, өндеп, бейнелеуде көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс. Адамда қиял пайда болған кезде ми қабығында бұрын жасалған уақытша байланыстар түрлі комбинацияларға түседі де, жаңа нәрселердің бейнесі туып отырады. Уақытша байланыстарды қайта жасап, өндеу процесінде екінші сигнал жүйесі шешуші рөл атқарады.

Қиялдың түрлері

● **Пассив.** Түс көрудің физиологиялығын жан-жақты түсіндіріп берген И. П. Павлов болды. Ұйқы кезінде ми клеткаларының бәрі тежелмейді, кейбір бөлімдері қозу жағдайында болып жұмыс істей береді. Мидың мұндай бөліктерін «күзетші пункт» деп атайды. Осы «күзетші пункттерден біздің бұрын қабылдаған, көрген, естіген, қолға ұстап, дәмін татқан заттарымыздың бейнелері мида қайтадан «тіріледі». Түсте небір ақылға сыйымсыз образдардың жасалатыны белгілі. Екінші сигнал жүйесінің қызметі толық тежелуге ұшырайтындықтан, адамның ойлау қабілеті өте төмен болады. Сөздік сигналдардың әсер етпеуі мида кездейсоқ образдардың пайда болуына жағдай жасайды да, соның нәтижесінде түске қайдағы «кереметтер» кіреді. И. М. Сеченов осындай түстерді «болған әсерлердің болып көрмеген қиысулары» деп сипаттаған.

АКТИВ

- Арман – адам көкейіндегі ізгі ниет, болашақтан күтер үміт, алға қойған мақсат.
- Шығармашылық - өзіндік жаңа образдар жасау арқылы өрекетте, жаңа өнімдер беруде көрінетін қиялды айтады. Жазушының, суретшінің, ғалымның, композитордың т. б. қиялы шығармалық қиялға жатады.

Сөйлеу



Сөйлеу - адамның тілдік амалдар арқылы пікір адамның тілдік амалдар арқылы пікір, ой адамның тілдік амалдар арқылы пікір, ой білдіру әрекеті. Сөйлеу анатомиялық мүшелердің адамның тілдік амалдар арқылы пікір, ой білдіру әрекеті. Сөйлеу анатомиялық мүшелердің қатысуымен іске асқанымен, негізінен, адамның психикалық қабілетіне, қоғамдағы пікір алмасу тәжірибесіне сүйенеді. **Сөйлеу процесі**

Сөйлеудің түрлері

- Ішкі сөйлеу
- Сыртқы сөйлеу:
- Жазбаша
- Ауызша:
- Монолог
- Диалог

Ішкі сөйлеу



- Ауызша да, әсіресе жазба сөздің дайындығы сөйлеудің іштей, адамның өзінен-өзі, күбірлеп айтып шығуы.

Сыртқы сөйлеу



- **Сыртқы сөйлеу** ауызша және жазбаша болады. Жазбаша сөйлеуде тілдік қатынас мәтін арқылы жанама болады. Жазба сөйлеудің, ауызшаға қарағанда, мазмұны жинақты келеді. Сөйлеудің жазба түрі жазба белгілер (таңбалар) негізінде орындалады. Қазіргі кездегі көп тілдердің дыбыстары әріптермен өрнектеледі.

- **Жазбаша** - естумен қабылданатын тілдік дыбыстардың, көрумен танылатын әріптер мен адамның тілдік әрекеттерінің күрделі байланысынан құралатын процесс.
- Ауызша – біреудің дыбыстауынан құлағымызға жеткен сөз (сөйлеу). Ауызша сөйлеуде кеңістік және уақытқа байланысты біраз шектеулер болады. Әдетте, әңгімелесушілер бірін бірі көріп тұрады немесе дауыс жететіндей алшақтықта болуы мүмкін. Осы жағдайларға орай сөйлеудің сипаты өзгеріске түседі.
- **Ауызша сөйлеу** - диалогтық және монологтық түрде болады.



- **Диалогтық сөйлеу** әңгімелесушілердің өзара қысқа сөз алысуы, түзілетін сөйлемнің құрылымы толық болмауымен ерекшеленеді.



- **Монологтық сөйлеу** ұзаққа созылады, ортаға қыстырма сөздер қосылмайды, алдын ала көп дайындықты талап етеді. Әдетте бұл кең көлемді, күні бұрын ой желісіне салынып, қорытылған баян (мысалы, баяндама, шығып сөйлеулер, дәрісбаяндар (лекция) ж.т.б.).

Пайдаланылған әдебиеттер

- Жарықбаев Қ. “Психология негіздері” Алматы, 2012. -258-287 б.
- www.google.kz